Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы «6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның диссертациялық жұмысының өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінің әлеуметтік-мәдени өзгерістерге жауап бере алатын кәсіби әрі рухани кемел мамандарды даярлау талабымен айқындалады. Жаһандану, цифрландыру және құндылықтар трансформациясы жағдайында мұғалімнің рухани-адамгершілік бейнесі білім берудің сапасын қамтамасыз етудегі стратегиялық факторға айналып отыр. Зерттеу тұлғалық-бағдарлы оқытудың студенттің құндылықтары, рефлексиясы мен мотивациясын дамытатын педагогикалық мүмкіндіктерін болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру контекстінде қарастырады. Бұл парадигманы кәсіби даярлық жүйесіне енгізу ұлттық мәдени-рухани ресурстарды сақтау, жоғары оқу орындарындағы құндылықтық климатты жетілдіру және студенттің тұлғалық дамуына ықпал етеді. Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы рухани дүниетанымды дамыту тетіктерін айқындайтын концептуалдық модельдер, диагностикалық өлшемдер және педагогикалық технологиялар ұсынуынан көрінеді. Тақырып мемлекеттік білім саясатының басымдықтары, атап айтқанда рухани-адамгершілік тәрбиені күшейту, ұлттық құндылықтарды сақтау және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру міндеттерімен үйлеседі. Зерттеу болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған, ғылыми тұрғыда негізделген және қазіргі педагогика үшін жоғары практикалық құндылыққа ие.

Докторант зерттеу жұмысының міндеттерін жүзеге асыру үдерісі барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Олар:

- зерттеу барысында жұмысымызға негіз болатын ғылыми-әдіснамалық қағидалары айқындалды; осыған дейін шыққан еңбектер мен жүргізілген зерттеулер мақсатына қарай жүйеленді, мағыналық талдау жасалынды және ғылыми тұрғыда негізделді;
- болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамытуға ықпал жасайтын факторлары айқылдалды және сипаттама берілді;
- «Рухани дүниетаным», «тұлғалық-бағдарлы оқыту» және «болашақ мұғалімдердің рухани дамуы» ұғымдарының мазмұны нақтыланды және осыған байланысты құрылымдық компоненттері айқындалды;
- болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды, осыған орай болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған әдістеме әзірленді, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп дәлелденді және ғылыми түрде негізделген ұсыныстар берілді.

Аталған ғылыми жаңалықтан басқа, Б.Ж. Паридинованың диссертациялық зерттеуінің айқын практикалық маңызы бар. Ізденушінің зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық негіздемесі, мазмұндық үлгісі және нәтижелері жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту жүйесінің мақсат-міндеттерінің орындалуы үшін қолдануға болады. Болашақ педагогтарға арналған «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» атты авторлық курстың бағдарламасы ЖОО-да практикалық тұрғыдан қолдануға болады.

Диссертация жұмысының тараулары және тармақшалары арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық қағидасы сақталған. Әр тараудың ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте баяндалып, нақты тұжырымдармен дәйектелген. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Барлығы зерттеу проблемасына байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады және диссертацияның құрылымдық, мазмұндық жағынан біртұтастығын көрсетеді. Зерттеу қорытындылары ғылыми тұрғыда дәлелді көрсетілген.

Б.Ж. Паридинованың диссертациялық жұмысы тәжірибелік, қолданбалы бағытқа ие. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында психологиялық-педагогикалық пәндердің оқытудың сапасын арттыру, сабақтарды нәтижелі ұйымдастыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, зерттеу материалдары мен бірқатар тұжырымдарын тәрбие жұмыстарына байланысты семинарлар мен вебинар жүргізу; мәдениеттанымдық сөздіктер құрастыру; жас ізденушілердің докторлық, магистерлік, дипломдық, курстық жұмыстарды жазу барысында пайдалануға болады.

Б.Ж. Паридинованың «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы толық аяқталған, талаптарға сай әзірленген және мамандық паспортына сәйкес келеді.

Аталған диссертацияны орындау барысында докторант Ботагоз Жаппаровна Паридинова өзін жақсы жағынан көрсетті: еңбекқор, ізденімпаз, креативті ойлау қабілеті мол, зерттеушілік мәдениеті жоғары. Зерттеу нәтижелері 26 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінді Scopus базасына енген журналдарда - 4 мақала, Web of Science - 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған тізіміндегі журналдарда - 11 мақала, шетелде өткен халықаралық конференция материалында - 3 мақала, 5 мақала - Қазақстан Республикасында өткен халықаралық, республикалық ғылыми конференция материалында, отандық ғылыми журналдарда – 2 мақала және авторлық бағдарлама жарық көрді.

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны бақылау комитетінің талаптарын толық қанағаттандырады.

Паридинова Ботагоз Жаппаровнаның «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы зерттеу еңбегін диссертациялық кеңесте ащық қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

Ғылыми кеңесші,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті, «Педагогика,
психология және бастауыш оқыту әдістемесі»
білім беру бағдарламасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы **Ш.М. Майгельдиева**

Адами ресурстарды басқару басқармасы
Управление человеческими ресурсами

қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись